

1943 жылдан  
басылымда  
(6193)  
7 ақпан  
2026 жыл

Ел шебінде

ҚР ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНІҢ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

# ОТАН САҚСНУСЫ

6



СЕНИМДІ  
ҚОРҒАУШЫЛАР

2




ТЕМІРЖОЛ  
БОЙЫНДАҒЫ  
ТЕМІР ТӘРТІП

4



ШЕКАРАШЫЛАР-  
ДЫҢ ЖЕҢІСТІ  
ЖОЛЫ

10



## БОРЫШ ПЕН БАТЫРЛЫҚ



Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы жылдары елдің қауіпсіздігі мен тұрақтылығы үшін сыртқы шекараны қорғау маңызды міндеттердің біріне айналды. Осы кезде көршілес Тәжікстан Республикасында азаматтық соғыс өршіп, тәжік-ауған шекарасындағы жағдай күрт нашарлады. Сол кезеңде Қазақстан өзінің қауіпсіздігін ғана ойлап қоймай, көрші елдің аумағында тыныштық пен бейбітшілікті сақтауға да үлес қосты.

Міне, дәл осы мақсатпен 1993 жылы Қазақстан Республикасының Жеке құрама атқыштар батальоны құрылып, тәжік-ауған бағытында қызмет атқаруға жіберілді. Батальон Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің сыртқы шекараларын қорғау тапсырмасын орындау аясында ең күрделі әрі қауіпті аймақта қызмет етті. Азаматтық соғыс жағдайында,

заңсыз қарулы құрылымдардың белсенді әрекеті өршіп тұрған кезде батальон шекараны күзету, есірткі тасымалдаушылар мен заңсыз қарулы құрылымдардың әрекетін тежеу, сондай-ақ сол өңірдегі бейбіт тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндетін атқарды. Памирдің қолжетімсіз таулы аймақтарында, инфрақұрылымсыз және қатаң климаттық жағдайда өткен бұл қызмет жеке құрамнан жоғары кәсібилік пен төзімділікті, батылдық пен әскери борышқа адалдықты талап етті. Жеке құрама атқыштар батальонының тарихы Қазақстанның әскери шежіресінде айрықша орын алды.

Осы ерлікке толы жолды ұлықтау мақсатында 2026 жылғы 6 ақпанда Астана қаласында Жеке құрама атқыштар батальонының тәжік-ауған шекарасынан шығарылғанына 25

жыл толуына арналған еске алу іс-шарасы өтті. Тағылымды жиын шекара ардагерлері «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігінің бастамасымен ұйымдастырылып, батырларды еске алуға, тарихи жадыны жаңғыртуға және жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік рухты қалыптастыруға бағытталды. Іс-шара Астана қаласы қызметтік-жауынгерлік міндеттерді орындау кезінде қаза тапқан 17 қазақстандық жауынгерге арналған ескерткішке гүл қою рәсімімен басталды. Салтанатты шараға Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ұлттық ұланның әскери қызметшілері мен ардагерлері қатысты.

(Жалғасы 6-бетте).



## СЕНІМДІ ҚОРҒАУШЫЛАР

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы – елдің егемендігі мен тұрақтылығын, бейбіт өмірін айқындайтын басты символдардың бірі. Осы шекараны күзетіп, еліміздің тыныштығын сақтау – ҚР ҰҚК Шекара қызметінің жауапты міндеті. Абай облысы бойынша департаментіне қарасты Мақаншы ауданының «Шағантоғай» шекара бөлімшесі – осы қызметтің нақты тірегі, сенімді қорғаушысы болып табылады.



1932 жылдың мамыр айында Мақаншы ауданының Қабанбай ауылында құрылған «Шағантоғай» шекара бөлімшесі Қазақстанның мемлекеттік шекарасын қорғауға арналған алғашқы бөлімшелердің бірі.

Сол күннен бастап бөлімше өз миссиясын абыроймен атқарып, еліміздің тыныштығын сақтау жолында сенімді тірекке айналды.

«Шағантоғай» шекара бөлімшесі заманауи құрал-жабдықтармен

қамтамасыз етілген. Мұнда қару-жарақ сақтау қоймалары, жаттығу қалашықтары, автотұрақтар, инженерлік құрылыстар және шекара күзетіне қажетті техникалық құралдар бар. Заманауи құралдар қызметтің тиімділігін арттыруға, кез келген қауіп-қатерге жедел жауап беруге мүмкіндік береді.

Бөлімшенің штаты толық қамтылған. Әрбір сарбаз өз Отанына адалдық антын беріп, шекара күзетінің маңызды міндеттерін абыроймен атқарады. Жауапкершілік пен кәсібилік – олардың күнделікті өмірінің негізгі өлшемі. Әрбір қимыл, әрбір іс-шара – мемлекеттік шекараны сенімді қорғауға бағытталған.

Бөлімшенің басты міндетіне шекараның қырағылықпен күзетілуі, заңсыз тауар тасымалының алдын алу, шекараны заңсыз кесіп өту әрекеттерін тоқтату, сондай-ақ ел аумағына экстремистік топтардың енуін болдырмау кіреді. Қызметтік жануарлар, заманауи техникалық құралдар мен байланыс жүйелері – шекара күзетінде ең сенімді көмекші құралдар. Сарбаздар тәулік бойы учаскелерде кезекшілікке тұрып, күмәнді жағдайларды анықтап, қажетті шараларды қабылдайды.

Бөлімше жергілікті халықпен тығыз байланыс орнатып, бірлескен іс-шаралар арқылы мемлекеттік шекараның қауіпсіздігін нығайтады. Халыққа шекара қызметінің маңыздылығы түсіндіріледі, әр азаматқа оның рөлі айқындалады. Бұл сенім мен өзара қолдау – бөлімшенің тиімділігін арттыратын негізгі факторлардың бірі.

Жастарды патриоттық және әскери-патриоттық рухта тәрбиелеу – бөлімшенің маңызды бағыты. Мектептер мен оқу орындарында өткізілетін іс-шаралар арқылы өскелең ұрпаққа шекара қызметінің мәні түсіндіріледі. «Мемлекет шекарадан басталады» ұраны – бөлімше ұжымы үшін жетекші қағида.

Бөлімшенің бастығы – аға лейтенант Данияр Жанбырбаев, 2002 жылы Ақтөбе қаласында дүниеге келген. 2019–2023 жылдары Алматыдағы ҚР ҰҚК Шекара академиясын тәмамдаған. 2023–2024 жылдары Мақаншы ауданы бойынша «Ұзынбұлақ» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары қызметін атқарған. 2025 жылдың қыркүйегінен бастап «Шағантоғай» шекара бөлімшесінің бастығы болып тағайындалған. Данияр Абылайұлының кәсібилігі, тәртіптілігі және жауапкершілігі бөлімшенің сенімді әрі тұрақты қызметін қамтамасыз етеді.

«Шағантоғай» шекара бөлімшесі – тек мемлекеттік шекараны күзететін мекеме ғана емес, елдің қауіпсіздігі мен тыныштығының кепілі. Оның қызметі – Қазақстанның тәуелсіздігін, аумақ тұтастығын қорғаудың нақты көрінісі. Бөлімшенің жеке құрамы өз міндетін адалдықпен орындап, халық сеніміне ие болып келеді.

Аға лейтенант  
Е. ҚАЙРТАЙ, «OS-ЧР».  
Сурет бөлімшеден.

«Ақсуат» шекара бөлімшесінің тынысы – табиғаттың мінезіндей алуан. Кей күндері самал жел көңілді сергітіп өтсе, кей сәтте төңірек тұнжырап, аспанның өзі қабағын түйіп алғандай сезіледі. Осындай құбылмалы кеңістікте адамның да мінезі шыңдалады. Бөлімше аумағында әрбір әскери қызметші уақыттың қадірін біледі: мұнда «кейін» деген сөзге орын тар, ал «қазір» деген ұғымның салмағы ауыр. Өйткені шекара – қырағылықты сүйетін, бейқамдықты кешірмейтін ұғым.

Осы ұжымның тізгінін ұстаған аға лейтенант Нұрмұхамед Тұрлыбай – жасы жас болғанымен, қабағында талаптың табы, сөзінде нақтылықтың салмағы бар жас басшы. Оның жас офицерге тән жалын-жігері ұжымға серпін беріп, қызмет мәдениетін жаңаша қарқынмен ұйымдастыра білгені байқалады. Кейде басшылықтың айбыны қатқыл үннен емес, әділ өлшемнен танылады. Нұрмұхамед Маратұлы дәл осы қасиетімен көзге түсіп келеді: әскери тәртіпке келгенде қатал, адамға келгенде әділетті. Ол бөлімшенің әр жауынгеріне жеке талап қоя отырып, бәрін бір мақсатқа – ортақ жауапкершілікке жұмылдыра біледі.

Бөлімшенің ерекше бір қасиеті – жергілікті тұрғындармен байланысының бекемдігі. Шекара бойындағы ауылдың тіршілігі мен шекара қызметінің тынысы бір-біріне бөтен емес: екеуі де ел амандығын тілейді, екеуі де тыныштықты қадірлейді. Сондықтан «Ақсуат» әскери қызметшілері ауыл ақсақалдарымен, белсенді азаматтарымен, жастармен жылы қарым-қатынас орнатып, өзара түсіністіктің көпірін сақтайды. Кейде бір ауыз амандасу, бір ауыз жөн сұрасу – үлкен сенімнің басы. Ал сенім бар жерде талай мәселе өзінен-өзі реттеледі: ортақ тәртіп орнығады, ортақ жауапкершілік қалыптасады. Жергілікті жұрттың да бұл бөлімшеге деген ықыласы бөлек. Өйткені мұндағы жасақ өзін «сырттан келген күш» ретінде емес, осы өңірдің тыныштығына ортақтас, жұртпен тағдырлас ұжым ретінде ұстайды. Қажет жерде түсіндіру жұмысын жүргізу, жастарға бағыт-бағдар беру, ұлттық құндылықтарды ұлықтау, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету – бәрі де қарым-қатынастың мәдениетін қалыптастырады.

«Ақсуаттағы» күндер бір қарағанда бір-біріне ұқсас көрінуі мүмкін. Бірақ әр күннің өз міндеті, әр сәттің өз сынағы бар. Мұнда таңғы салқынмен басталған қызмет кешкі тыныштыққа ұласқанда ғана уақыттың толық өткені сезіледі. Күн ұзаққа созылған еңбектің арасында әр жауынгердің жүрегінде бір тұмардай сөз тұрады: ел шебі – елдің намысы, тыныштық – халықтың бақыты. Сол бақты сақтау үшін бөлімше ұжымы өз ішкі тәртібін бекем ұстап, кәсіби сергектігін жоғалтпайды.

Капитан А. ЖЕКСЕНБИН, «OS-ЧР».  
Сурет бөлімшеден.

## СЫЙЛАСТЫҚ ІЗІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Жамбыл облысы бойынша департаментіне қарасты, Жамбыл ауданы бойынша шекара басқармасының «Ақсуат» шекара бөлімшесі – көзге көп түсе бермейтін, бірақ ел тынысын үздіксіз күзетіп тұрған байыпты ұжымның мекені. Бұл жерде қызметтің салмағы да, мәні де дабырамен емес, күн сайынғы тәртіппен, қайталанатын жаттығумен, үнсіз жауапкершілікпен өлшенеді.





## «ҚЫЗЫЛ ТАҢНЫҢ» ҚЫЗУ ТАҢЫ

Мемлекеттік шекара – ел егемендігінің, ұлттық қауіпсіздіктің және аумақтық тұтастықтың басты тіректерінің бірі. Осы жауапты міндетті абыроймен атқарып отырған бөлімшелердің қатарында ҚР ҰҚК Шекара қызметі Түркістан облысы бойынша департаментіне қарасты Сарыағаш ауданы бойынша шекара басқармасының «Қызылтаң» шекара бөлімшесі ерекше орын алады.



«Қызыл таң» шекара бөлімшесі 2012 жылы ашылып, содан бері Мемлекеттік шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісінде тұрақты әрі нәтижелі қызмет атқарып келеді. Бөлімшенің күзет аймағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасының Өзбекстан Республикасымен шектесетін 20 шақырымдай бөлігін қамтиды.

Аймақтың жер бедері ойлы-қырлы болып келеді, бөлімше аумағы арқылы бірнеше су арналары өтеді. Бұл факторлар шекараны күзету ісіне қосымша жауапкершілік жүктейді және жеке құрамнан жоғары кәсіби дайындықты талап етеді.

Мемлекеттік шекараны сенімді қорғау мақсатында «Қызылтаң» шекара бөлімше-

сінің жауапкершілік аймағында заманауи инженерлік-техникалық жабдықтар кеңінен қолданылуда. Сонымен қатар, бөлімше тәуліктің күндізгі және түнгі уақытында көруге арналған оптикалық бақылау құралдарымен, жүк және жеңіл автокөліктермен, сондай-ақ квадроциклдермен қамтамасыз етілген. Қызметтік иттер мен

аттар да шекара күзетінде кеңінен пайдаланылады. Мұның барлығы шекара қауіпсіздігін үздіксіз әрі тиімді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бүгінде «Қызыл таң» шекара бөлімшесін капитан Апашев Жасулан басқарады. Ол 1991 жылы Семей қаласында дүниеге келген. 2014–2018 жылдар аралығында Шекара қызметінің академиясында білім алып, 2023 жылдан бері бөлімше бастығы лауазымында қызмет атқарып келеді.

Бөлімше Сарыағаш ауданы шекара басқармасы жауынгерлік іс-әрекеттердің қорытындысы бойынша 2-орынға ие болып, жоғары нәтижелер көрсетті. Ал 2025 жылдың қорытындысы бойынша «Қызылтаң» шекара бөлімшесінің жауапкершілік аймағында 150-ге жуық көші-қон заңнамасын бұзған Өзбекстан Республикасының азаматтары анықталып, заң талаптарына сәйкес әкімшілік шаралар қолданылды. Бөлімше жеке құрамы жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, ай сайын рейттік іс-шаралар өткізеді, тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде ұйымдастырады. Сонымен қатар, патриоттық тәрбие беру мақсатында «Жас шекарашы» әскери-патриоттық үйірмесі Ұшқын ауылдық округіне қарасты Ұшқын және Достық елді мекендеріндегі жалпы орта мектептерінде тұрақты жұмыс істейді.

«Қызыл таң» шекара бөлімшесі – тәртіп пен табандылықты, кәсібилік пен адалдықты басты қағида еткен ұжым. Мемлекеттік шекараның әрбір қарыс жерін қорғау жолында бөлімше жеке құрамы күндіз-түні аянбай еңбек етіп, ел тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде. Осындай сенімді қалқандар барда Отан шебі берік, мемлекет іргесі мығым болары сөзсіз.

**Подполковник Р. АСАДИЛОВ, «OS-ЧР». Сурет шекара бөлімшесінен.**

Бекет ҰҚК Шекара қызметі Маңғыстау облысы бойынша департаменті Бейнеу ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Ақжігіт» шекара бөлімшесінің құрамына кіреді.

Мемлекеттік шекараны күзету күндіз-түні, ауа райының кез келген жағдайында жүзеге асырылады. Бұл жеке құрамнан жоғары жауапкершілікті, жинақылықты және тұрақты қырағылықты талап етеді.

2025 жылдың өзінде ғана «Тәжен» бекеті әскери қызметшілерінің кәсіби іс-қимылының арқасында мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өтудің бес дерегі дер кезінде анықталып, жолы кесілді. Әдетте түн жамылып әрекет еткен заң бұзушылардың барлық әрекеті техникалық бақылау құралдарын тиімді пайдалану арқылы тоқтатылды.

Бөлімшеге 2021 жылғы Шекара академиясының түлегі аға лейтенант Айбар Ахметов басшылық етеді. Жас болса да талапшыл офицер қысқа мерзім ішінде жеке құрамды ұйыстырып, бекітілген шекара учаскесін қорғау жүйесін сауатты ұйымдастыра білді.

Айбар Ахметовтің айтуынша, бұл бағыттың басты ерекшелігі — бекетке жақын маңда аттас өткізу пунктін орналасуы. Осыған байланысты шекарашылар әрдайым жоғары дайындықта болуға міндетті.

Бекеттің негізгі жеке құрамын алты айдан астам уақыт бойы осы учаскеде қызмет атқарып жүрген мерзімді қызметтегі сарбаздар құрайды. Қызмет уақытының аяқталуы жақындағанына қарамастан, тәртіп деңгейі мен қойылған міндеттердің орындалу сапасы жоғары деңгейде сақталуда.

Бекет бастығы ефрейторлар Али Бақтығалиұлы Әділет Жасулан және Алибек Шәушіматовтың қызметін ерекше атап өтеді. Олар техникалық бақылау құралдарымен сенімді жұмыс істеп, жағдайды жылдам бағалай біледі.

Сондай-ақ ефрейторлар Бахытбек Турабаев, Диярбек Хабиболлаев, Нұрболат Амантай, Ихсан Мустафин және Шерзод Режепов те адал қызметімен ерекшеленіп, бекеттегі үлгілі тәртіпті, үздіксіз қамтамасыз ету мен жеке құрамның тұрмыстық жағдайын, оның ішінде тамақтандыруды ұйымдастыруды қамтамасыз етуде.

Мемлекеттік шекараны қорғауда радиолокациялық станция бастығы келісімшарт негізінде қызмет атқаратын ефрейтор Байғани Жекенбаевтың да үлесі зор. Ол радиолокациялық жабдықтардың тұрақты жұмысын қамтамасыз етіп, жер үсті жағдайын үздіксіз бақылауда ұстайды.

Жеке құрамның адал еңбегі елеусіз қалған жоқ. Бе-

## ҚЫЗМЕТПЕН СЫНАЛҒАН ҚЫРАҒЫЛЫҚ

«Тәжен» техникалық бақылау бекетінің шекарашылары тәулік бойы жауынгерлік қызмет атқарып, Қазақстан-Өзбекстан мемлекеттік шекарасының беріктігі мен мызғымастығын қамтамасыз етуде.



кет әскери қызметшілері басшылық тарапынан бірнеше мәрте марапатталып, мерзімді қызметтегі сарбаздардың ата-аналары мен бұрын оқыған білім беру ұйымдарына алғыс хаттар жолданды.

«Тәжен» техникалық бақылау бекетінің жеке құрамына алдағы уақытта да сәтті қызмет пен жауынгерлік кезек-

шілікті абыроймен атқаруды тілейміз. Себебі дәл осындай күнделікті, көзге көріне бермейтін қызмет барысында шекарашының шынайы қырағылығы айқын көрінеді.

**Капитан А. ЖАНАЛИПОВ, «OS-ЧР». Суретті түсірген аға лейтенант Д. ОНБАЙ.**



# ТЕМІРЖОЛ БОЙЫНДАҒЫ ТЕМІР ТӘРТІП



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасы «Достық» теміржолдық шекаралық бақылау бөлімшесі тек пойыздар өтетін бекет қана емес. Ол - мемлекет қауіпсіздігінің күретаыры. Мұнда әрбір вагонның рельс бойымен қозғалысы Отан шекарасының тынысын аңғартады.



1997 және 2003 жылдардағы Үкімет қаулыларымен ресми ашылған өткізу пункті содан бері Қазақстан мен Қытай арасындағы стратегиялық байланыстың сенімді тірегіне айналды.

Теміржол паркi – бөлімшенің жүрегі. Аспалы көпірлер мен тексеру шұңқырларымен жабдықталған бұл аумақта шекарашылар мен кеден қызметкерлері әр пойызды мұқият бақылаудан өткізеді. Мұнда қызмет – тек жұмыс емес, бұл – тәртіп пен жауапкершілікке негізделген әскери өмір салты. Күн мен түнге қарамай, суық пен ыстыққа мойымай, жауынгерлер шекара тыныштығын күзетуде.

Бүгінде бөлімшенің тізгінін капитан Сапарбек Молдыяров ұстап отыр. Оның жетекшілігімен бөлімшеде тәртіп күшейіп, заң бұзушылықтардың алдын алу жұмыстары жүйелі жүргізілуде.

2024-2025 жылдары өткізу пун-

ктінің режимін бұзған бірнеше азаматтың әкімшілік жауапкершілікке тартылуы – шекарашылардың қырағылығының анық дәлелі.

Теміржол бойындағы әрбір наряд елге қауіп төндіретін кез келген заңсыз әрекеттің жолын кесуге дайын. Қарапайым тұрғын үшін аталған бекет жай ғана пойыз тоқтайтын жер болуы мүмкін. Ал шекарашылар үшін антқа адалдықтың, қызметке беріктіктің үлгісі.

«Достық» теміржолдық шекаралық бақылау бөлімшесінің ұжымы бір мақсатқа жұмылған әскери қызметшілер. Олардың әр күні қырағылық

пен жауапкершілікке толы. Мемлекеттік шекараның беріктігі дәл осындай көзге көрінбейтін, бірақ аса маңызды еңбектің арқасында сақталып отыр.

Қай кезеңде болмасын, «Достық» бекеті ел қауіпсіздігінің сенімді қалқаны болып қала береді. Рельстермен бірге уақыт жылжып, басшылар

ауысқанымен, шекарашылардың басты қағидасы өзгермей, Отан шебін көздің қарашығындай қорғай бермек!

**ҚР Журналистер одағының мүшесі, подполковник М.ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР».**  
Сурет шекара бөлімшесінен.

Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаментінде жауынгерлік кезекшілік пен ахуалдық ақпараттандырудың өзекті мәселелеріне арналған мазмұнды жиын өтті. Кездесудің тақырыбы – мемлекеттік органдардың кезекші қызметтері арасындағы өзара хабар алмасуды біріздендіру, ортақ әрекеттің шапшаңдығын арттыруға бағытталған «Мемлекеттік органдардың кезекші қызметтері арасындағы өзара ақпараттандыруды ұйымдастыру» мәселелері.

Қарапайым сөзбен айтқанда, өзгермелі ахуалды ішінде ақпараттың жоғалмай жетуі, уақыттың үзіліп қалмауы, шешімнің кешікпеуі үшін қажет тетіктердің бәрі бір үстелдің басына жиналып, салмақпен сараланды.

Жиынға Қазақстан Республикасы ҰҚК Жамбыл облысы бойынша департаменті, Жамбыл облысының әкімдігі, Полиция департаменті, Төтенше жағдайлар департаменті, ҚР Қарулы күштерінің және Ұлттық ұлан екілдері қатысып, әр құрылымның кезекшілік тәжірибесі мен ақпарат алмасу тәртібін талқыланды.

Кездесуді Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаменті бастығының бірінші орынбасары полковник Ерік Тұрғынбаев жүргізіп, күн тәртібінің мәнін нақты айқындап берді. Ол кезекші қызметтің басты өлшемі – жай ғана байланысқа шығу емес, кез келген өзгеріс кезінде бір-бірін кідіріссіз түсіне алатын ортақ тіл қалыптастыру екенін атап өтті. Өйткені төтенше жағдай деген – тек оқиға емес, ол уақыттың да, жауапкершіліктің де сынағы, ал сол сынақтан сүріндірмейтін нәрсе – алдын ала келісілген тәртіп пен үйлесімді ықпалдастық.

Жиынның өзегіне айналған негізгі баяндама жауынгерлік кезекшілік және ахуалдық ақпараттандыру басқармасының бастығы полковник Ринат Кунапиянов тарапынан жасалды. Оның сөзі қағида мен терминге ғана сүйенген құрғақ баяндама емес, шекаралық кеңістіктің бүгінгі тынысын дәл басып, нақтылауға құрылған кәсіби ой-толғам болды. Полковник Кунапиянов Мемлекеттік шекарадағы жағдайдың бір сәтте

## БІР СӘТТІК ӨЗГЕРІС, БІРЛЕСКЕН ШЕШІМ



өзгеруі мүмкін екенің кейде ол өзгеріс елеусіз басталып, кейін салмақты сипат алатынын айтып, дәл осындай мезеттерде кезекші қызметтердің өзара хабар алмасуы «қосымша мүмкіндік» емес, міндетті қажеттілік екенін баса көрсетті.

Жиында төтенше жағдайлар кезіндегі өзара іс-қимыл да жеке назарға алынды. Табиғи апат, техногендік қауіп немесе күрделі оқиға туындаған сәтте әр орган өз бағыты бойынша әрекет етеді, бірақ ол әрекеттердің бәрі бір-бірімен қабыспаса, уақыт ұтылады, күш шашырайды. Сол себепті қатысушылар өзара ықпалдастықтың практикалық қырларын талқылап, байланысқа шығудың тәртібі, кезекші қызметтердің ақпаратты қабылдау-беру алгоритмі, шұғыл шешімдерді келісу арналары сияқты мәселелерді нақтылады. Әңгіме барысында «әркім өз жұмысын атқара берсін» деген ыңғайдағы тар түсінік емес, «ортақ қауіпсіздік үшін бір ырықпен қимылдау» деген көзқарас алға шықты.

Жиын соңында ортақ ой бір арнаға тоғысты: қауіпсіздік – көзге көрінбейтін қызметтің нәтижесі, ал сол қызметтің ең сенімді сүйеніші – келісілген жүйе. Жауынгерлік кезекшілік пен ахуалдық ақпараттандыруды жетілдіру туралы бұл басқосу мемлекеттік органдар арасындағы ықпалдастықтың бағытын айқындап қана қоймай, Мемлекеттік шекарадағы жағдайға қатысты дер кезінде әрекет етудің нақты қағидаларын бекемдей түсті. Ұлттық қауіпсіздік деген ұғым биік мінберден ғана айтылатын сөз емес – ол күн сайын байланыс үзілмегенде, ақпарат дәл жеткенде, жауап бір арнаға жиналғанда шын мәнінде сезілетін тірек. Осындай тірек бар жерде өңірдің тынысы да орнықты, елдің еңсесі де берік болады.

**Капитан А. ЖЕКСЕНБИН, «OS-ЧР».**  
Сурет бөлімшеден.



## ТЕҢІЗ САҚШЫЛАРЫНА – 26 ЖЫЛ



**Бүгінде ҚР ҰҚК Шекара қызметі Маңғыстау облысы бойынша департаментіне қарасты жағалау күзетінің бірінші және екінші дивизиондарының құрылғанына – 26 жыл толып отыр. Осы уақыт өншісінде теңіз шекарашылары Каспий теңізі акваториясында мемлекеттік шекараны күзету, Қазақстан Республикасының аумақтық және ішкі суларында құқыққа қайшы әрекеттердің жолын кесу бойынша абыройлы қызмет атқарып келеді.**

2000 жылғы 28 қаңтарда ҚР ҰҚК Төрағасының бұйрығымен ҰҚК Шекара қызметінің «Батыс» өңірлік басқармасына қарасты теңіз шекара дивизиясының құрамында Ақтау қаласы мен Баутино ауылында орналасқан 2201 «А» және 2201 «Б» әскери бөлімдері құрылды.

2020 жылы шекара ведомствосын қайта ұйымдастыру нәтижесінде аталған әскери бөлімдер ҚР ҰҚК Шекара қызметі департаментінің Маңғыстау облысы бойынша жағалау күзеті бірінші және екінші дивизиондары болып қайта аталды.

Мерейтойлық күнге орай құрылымдық бөлімшелерде салтанатты концерт ұйымдастырылды. Оған ведомство ардагерлері, департамент басшылығы, өзара

іс-қимыл органдардың өкілдері, облыстық және аудандық әкімдіктердің, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ дивизиондардың жеке құрамы қатысты.

Құттықтау сөз сөйлеген департамент бастығы, полковник Санат Жұманов теңіз сақшыларына Отан алдындағы адалдығы, жоғары кәсібилігі және мемлекеттік шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін алғыс білдірді. Сондай-ақ, бөлімше ұжымы алдағы уақытта да Қазақстан Республикасының теңіз шекараларын қорғау жөніндегі міндеттерді абыроймен орындайтынына сенім білдірді.

Бүгінде теңіз бөлімшелері Каспий теңізіндегі Қазақстан Республикасының мыңдаған шақырымнан астам мемлекеттік

шекарасын күзетіп, заңсыз әрекеттерге қарсы күрес жүргізу және ұлттық мүдделерді қорғау бағытында маңызды міндеттерді орындап келеді.

Шара барысында өнерпаз ұжымдар өз өнерлерін көрсетіп, көрермендерге мерекелік көңіл күй сыйлады.

Іс-шара соңында қызметте ерекше көзге түскен әскери қызметшілер ҰҚК Төрағасының орынбасары – Шекара қызметінің директоры, облыс әкімі, департамент бастығы және «Застава тарландары» ардагерлер ұйымының төрағасы атынан грамоталармен марапатталды.

**Капитан А. ЖАНАЛИПОВ, «OS-ЧР».**  
Суретті түсірген автор.

## ЕЛ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК

**Мемлекеттік шекараны күзету – ерік-жігерді, төзімділікті және Отанға деген адалдықты талап ететін аса жауапты міндет. Бұл міндетті абыроймен атқарып жүрген жас сарбаздардың бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаменті Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты Тасты шекара бөлімшесінде қызмет етіп жүрген «Күз 2025» шақырылымының сарбазы, қатардағы жауынгер Ілияс Қазисхан.**

– Қазисхан, алдымен өзіңізбен таныстырып өтсеңіз. Қай өңірдің тумасысыз?

– Мен 2007 жылы Қарағанды облысы, Мойынты ауданы, Шеті ауылында дүниеге келдім. Отбасымыз үлкен, 9 адамбыз. Өзімнен кейін 5 қарындасым бар. Үлкен ұл болған соң, кішкентайымнан жауапкершілікті сезініп өстім. Бұл қасиет әскери қызметте де көп көмегін тигізіп жатыр.

– Білім жолыңыз қалай өрбіді?

– 2012–2024 жылдар аралығында туған ауылымдағы №35 Бейімбет Майлин атындағы мектепте оқыдым. Мектеп қабырғасында жүріп тәртіпке, еңбексүйгіштікке баулындым. Кейін Қарағанды қаласындағы «Қарағанды теміржол» колледжінде білім алып, 2024–2025 жылдары кәсіби дайындықтан өттім. Колледжде оқыған кезімде де әскери тәртіпке қызығушылығым арта түсті.

– Әскери қызметке, нақтырақ айтқанда Шекара қызметіне келуіңізге не түрткі болды?

– Шекара қызметі мен үшін әрқашан ерекше мәнге ие болды. Мемлекеттік шекараны қорғау – елдің тыныштығын сақтау деген сөз. Әскерге шақырылғанда дәл осы салада қызмет етуді өзіме үлкен мәртебе санадым. Бұл – нағыз ер азаматтың жолы деп ойлаймын.

– Қызмет орныңыз – Абай облысы. Бұл өңір сізге несімен ұнайды?

– Абай облысының шекарасы өте көркем әрі ерекше. Табиғаты кең, таза, көз тоймайды. Қызмет барысында осы табиғатты, осы тыныштықты қорғап тұрғаныңды анық сезінесің. Мұнда қызмет ету маған рухани күш береді. Шекарадағы әрбір қарауыл әрбір наряд – үлкен жауапкершілік.



– Тасты шекара бөлімшесіндегі сарбаз өмірі қалай өтеді?

– Бөлімшеде бәрі нақты тәртіппен ұйымдастырылған. Таңғы сап, оқу-жаттығулар, жауынгерлік даярлық сабақтары, шекара күзету – күнделікті қызметіміздің бір бөлігі. Командирлер тарапынан талап жоғары, бірақ соның арқасында біз кәсіби тұрғыда өсіп келеміз. Мұнда әр сарбаз бір-біріне тірек, бір мақсат үшін қызмет етеді.

– Әскери қызмет сізге қандай өмірлік сабақ берді деп ойлайсыз?

– Ең бастысы – тәртіп пен жауапкершілік. Әскери қызмет адамды шыдамдылыққа, сабыр сақтауға үйретеді. Сонымен қатар, ұжыммен жұмыс істеуді, жолдастықты, өзара қолдауды терең түсінесің. Бұл қасиеттер өмірдің кез келген саласында қажет деп ойлаймын.

– Отбасыңыз сіздің шекарадағы қызметіңізге қалай қарайды?

– Әрине, анам мен қарындастарым уайымдайды. Бірақ олар менің таңдауымды қолдайды және мақтан тұтады. Үйдің үлкені болған соң, олардың сенімін ақтау – мен үшін үлкен міндет.

– Алдағы болашаққа қандай жоспарларыңыз бар?


– Қазір басты мақсатым – қызметімді абыроймен атқару. Ал болашақта ҚР ҰҚК Шекара академиясына түсіп, әскери білімді жалғастырғым келеді. Офицер болып, ел шебін қорғауға өз үлесімді қосуды армандаймын. Шекарадағы қызмет бұл мақсатымды одан әрі нығайта түсті.

– Қорытынды ретінде жастарға айтар тілегіңіз қандай?

– Әскери қызметтен қашпау керек деп ойлаймын. Әсіресе Шекара қызметі адамды нағыз азамат етіп тәрбиелейді. Отанға қызмет ету – әрбір ер жігіт үшін үлкен абырой. Өз болашағын ел қауіпсіздігімен байланыстырамын деген жастарға осы жолды таңдауға кеңес берер едім.

Жас сарбаз Ілияс Қазисхан шекарадағы қызметке деген көзқарасы мен болашаққа қойған айқын мақсаты – бүгінгі жас буынға үлгі. Осындай отансүйгіш сарбаздар барда, еліміздің шекарасы берік, тыныштығы баянды болары сөзсіз.

**Аға лейтенант Е. ҚАЙРТАЙ, «OS-ЧР».**  
Суретті түсірген автор.



(Басы 1-бетте).

Бір минут үнсіздік жарияланып, ел үшін жанын қиған ерлердің рухына тағзым жасалды. Үш құрылым өкілдерінің бір алаңда бас қосуы Жеке құрама атқыштар батальонының жауынгерлік жолы осы құрылымдардың ортақ күш-жігері мен жауынгерлік бірлігі арқылы қалыптасқанын айқын көрсетті.

Еске алу іс-шарасы одан әрі ҚР Қарулы Күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығында жалғасын тапты. Мұнда Жеке құрама атқыштар батальоны тарихында алғаш рет «Борыш пен батырлық» атты деректі фильм көрсетілді. Бұл фильм – жай ғана экрандағы көрініс емес, бірнеше жыл бойы жүрегімде жинақталған естеліктер мен зерттеулердің нәтижесі еді. Ардагерлер мектептерде, колледждерде, студенттермен кездесулерде өздерінің естеліктерін айтып, өмір сабақтарын берді, бірақ олардың ерлігі туралы көлемді деректі шығарма болмады. Сол арманыма ҰҚК Шекара қызметінің Әскери-патриоттық қызмет басқармасының қолдауы арқылы қол жеткіздік. Деректі фильмнің монтажын жоғары кәсіби деңгейде орындаған капитан Әмірбат Айталиға ерекше алғыс айтқымыз келеді: оның шеберлігі, жауапкершілігі және іскерлігі осы туындының сапасын арттырды.

«Борыш пен батырлық» – тек өткен күндерді бейнелейтін хроника емес. Ол – жас ұрпаққа арналған тәрбиелік сабақ, батальон жауынгерлерінің рухы мен қайсарлығының көрінісі. Бұл көрсетілім

қатысушылардың жүрегіне терең әсер қалдырып, батырлар рухына деген құрметті одан әрі нығайтты.

Шара аясында қатысушыларға арнайы дайындалған «Ерлік. Намыс. Абырой» атты естелік кітапша таныстырылды. Бұл басылымда ҚР Жеке құрама атқыштар батальонының қалыптасу тарихы, командирлері мен штаб бастықтары туралы мәліметтер, сондай-ақ қызметтік-жауынгерлік міндеттерді орындау кезінде қаза тапқан жауынгерлер жөніндегі деректер жүйеленіп берілген. Кітапша мазмұны батальон жауынгерлерінің Отан алдындағы адал қызметін айқындап, ерлікпен қаза тапқан сарбаздардың есімін ұрпақ жадында мәңгі қалдыруға бағытталды. Жиын батырлар рухына арналған концерттік бағдарламамен қорытындыланды. Концерт барысында патриоттық әндер шырқалып, музыкалық қойылымдар ұсынылды. Өнерпаздардың орындауындағы шығармалар ел қорғаған ерлерге деген құрмет пен тағзымды айқын білдіріп, көрермендердің жүрегіне ерекше әсер қалдырды.

Еліміздің астанасында өткен бұл еске алу іс-шарасы ҚР Жеке құрама атқыштар батальоны жауынгерлерінің ерлігі уақыт өткен сайын ұлықтала беретінін көрсетті. Бұл тағылымды күн өткенге тағзым, бүгінге сабақ, болашаққа аманат болды.

ҚР Журналистер одағының мүшесі, подполковник Ж. КЕМЕЛ, «OS-ЧР».

Суреттерді түсірген қатардағы Д. ҚУАНЫШЕВ.





## ҚЫЗМЕТ ПЕН ӨНЕРДІ ҰШТАСТЫРҒАН

Осындай талапқа толық жауап беретін шекарашылардың бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаменті Семей шекара басқармасының Қоянбай шекаралық бақылау бөлімшесі бастығының орынбасары, лейтенант Мирас Сақтаған.

Мирас Бағдатұлы 2004 жылғы Шымкент қаласында дүниеге келген. Ол 2009–2021 жылдар аралығында Шымкент қаласындағы №64 Жүсіпбек Аймауытов атындағы мектеп-гимназияда білім алып, оқу мен қоғамдық өмірде белсенділігімен көзге түсті. Мектептен тыс уақытта жас жеткіншек Шымкент қаласындағы Оқушылар сарайында орналасқан «Күй-домбыра» үйірмесіне қатысып, ұлттық өнердің қыр-сырын терең меңгерді. Бес жыл бойы жүйелі түрде дайындалып, кәсіби домбырашы деңгейіне жетті. Домбырамен қатар фортепиано аспабында ойнауы – оның жан-жақты қабілетінің айқын дәлелі. Орта білімді тәмамдаған соң, 2021–2025 жылдар аралығында Алматы қаласындағы ҚР ҰҚК Шекара академиясына оқуға түсіп, «Мемлекеттік шекараны күзету



Мемлекеттік шекараны қорғау – ерік-жігерді, кәсіби дайындықты және биік рухты талап ететін қасиетті міндет. Бұл жолды саналы түрде таңдап, қызмет пен руханиятты қатар алып жүрген жас офицерлер – бүгінгі тәуелсіз елдің сенімді тірегі.

мен қорғау» мамандығы бойынша жоғары әскери білім алды.

Оқу барысында Мирас Бағдатұлы ғылыми-танымдық бағытта да белсенділік танытып, жоғары оқу орындарында өткізілетін түрлі тақырыптағы конференцияларға қатысып, жүлделі орындар мен марапаттарға ие болды. «Шешендік өнер», «Үздік идея авторы» секілді номинациялар бойынша жеңімпаз атануы – оның ойлау қабілеті мен өз ойын нақты жеткізе алатын біліктілігінің көрсеткіші.

Сонымен қатар, ол Шекара академиясының домбырашылар ансамблінің негізгі құрамында өнер көрсетіп, ұлттық мәдениетті дәріптеуге зор үлес қосты. 2023 жылы Алматы қаласында өткен Шекара әскерлері басқару кеңесінің кезекті отырысында ансамбль құрамында маңызды іс-шараға қатысып, ел мәдениетін танытуға атсалысты. Бұдан бөлек, ҚР ҰҚК Шекара академиясы атынан қалалық мәдени іс-шаралар, концерттер мен ме-

рекелік бағдарламаларға тұрақты түрде қатысып отырды.

Отбасында алты адам бар, Мирас – төртінші перзент. Оның егіз сыңары Диаста әскери жолды таңдап, бүгінде ҚР ҰҚК Шекара академиясының 4-курс курсанты. Егіз бауырларды біріктіретін ортақ қасиет – Отанға деген адалдық пен ұлттық өнерге, әсіресе домбыраға деген сүйіспеншілік. Екеуі де қазақтың киелі аспабы арқылы рухани құндылықтарды дәріптеп келеді.

Қазіргі таңда лейтенант Сақтаған Мирас Қоянбай шекаралық бақылау бөлімшесінде жауапты қызмет атқарып, жеке құраммен жұмыс жүргізу, шекаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісіне белсене араласуда. Ол алған білімі мен жинаған тәжірибесін мемлекеттік шекараны мүлтіксіз қорғау жолына жұмсап, жас офицерге тән жігері мен жауапкершілігін нақты іспен дәлелдеп келеді.

Аға лейтенант Е. ҚАЙРТАЙ, «OS-ЧР». Сурет шекара басқармасынан.

## КӘСІБИ ЖОЛЫ АЙҚЫН

Мемлекеттік шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету – тек қырағылық пен тәртіпті ғана емес, сонымен қатар инженерлік-техникалық даярлықты талап ететін жауапты міндет. Осы бағытта табанды еңбек етіп келе жатқан білікті мамандардың бірі – ҚР ҰҚК ШҚ Түркістан облысы бойынша департаменті Инженерлік-техникалық қамтамасыз ету бөлімінің маманы, сержант Орысбай Калыбеков.



Ол 1991 жылы Сарыағаш қаласында дүниеге келген. Балалық шағы мен жастық кезеңі туған өлкемен тығыз байланысты. Жоғары білімге деген ұмтылыс оны 2009 жылы Шымкент қаласындағы университеттің «Дене шынықтыру және спорт» факультетіне алып келді. 2010 жылы оқуын жалғастыра жүріп, Отан алдындағы қасиетті борышын өтеуге шақырылды. Өскемен қаласы, Күршім ауданындағы мерзімді әскери қызметін абыроймен атқарды. Әскер қатарындағы тәртіп пен жауапкершілік жас сарбаздың болашақ кәсіби жолын айқындап берді. 2011 жылы әскерден оралғаннан кейін де ол әскери саладан қол үзген жоқ. 2012 жылдан бастап Сарыағаш қаласындағы 9824 әскери бөлімде келісімшарт негізінде қызметке кірісіп, бүгінгі күнге дейін шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісіне адал еңбек етіп келеді.

Қызмет жолында сержант О.Калыбеков әртүрлі лауазымдарда өзін білікті әрі жауапты әскери қызметші ретінде көрсете білді. Әр жылдары түрлі лауазымдарда қызмет атқарып тәжірибесін шыңдады. 2021 жылдан бастап инженерлік-саперлік топ құрамында аға сапер ретінде қызмет атқарып келеді. Оның басты мақсаты – мемлекеттік шекараны инженерлік тұрғыдан нығайтуға, қауіпсіздік деңгейін арттыруға нақты үлес қосу. Инженерлік жабдықтау, техникалық қамтамасыз ету және қорғаныс нысандарын

жетілдіру бағытындағы еңбегі әрдайым оң бағаланып келеді. Қызметтік міндеттерін мінсіз орындағаны және шекара күзеті ісіне қосқан елеулі үлесі үшін Орысбай Калыбеков департамент басшылығы тарапынан бірнеше мәрте марапатталды. Инженерлік жабдықтау және техникалық қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстары да жоғары бағаланды. 2025 жылдың қорытындысы бойынша қызметтік-жауынгерлік іс-әрекет нәтижелері үшін алғысқа ие болды.

Әскери қызметтегі табыстың артында әрдайым мықты отбасының қолдауы тұрады. 2015 жылы ол Асия Қосбаевамен шаңырақ көтеріп, бүгінде екі ұл екі қыз тәрбиелеп отырған өнегелі өке. Жұбайы денсаулық сақтау саласында медбике болып еңбек еткен қазіргі таңда бала күтімімен айналысуда.

Сержант Орысбай Калыбековтың өмір жолы – адал қызметтің, кәсіби жауапкершіліктің және Отанға деген шынайы сүйіспеншіліктің айқын көрінісі. Инженерлік-техникалық қамтамасыз ету саласындағы оның тынымсыз еңбегі мемлекеттік шекара қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған маңызды үлес болып табылады. Осындай азаматтардың арқасында еліміздің шебі берік, тәуелсіздігіміз тұғырлы болып қала береді.

Подполковник Р. АСАДИЛОВ, «OS-ЧР». Сурет инженерлік бөлімнен.

## СТАРШИНА - ЭТО СЕРДЦЕ ЗАСТАВЫ

Есть служба, о которой не кричат. Есть подвиг, который не нуждается в фанфарах. И есть люди, чья жизнь становится частью границы – незаметной, но нерушимой линией, охраняющей страну.



15 февраля – День памяти воинов-интернационалистов и участников локальных конфликтов – дата особая. В этот день вспоминают тех, кто с оружием в руках отстаивал мир за пределами Родины, и тех, кто, вернувшись, не сложил ответственности, а продолжил служить – уже в тишине застав, на продуваемых ветрами рубежах, где патриотизм проверяется не словами, а годами.

Среди таких людей – техник пограничного отделения «Есиль» Департамента ПС по СКО сержант 3-го класса Ержан Сагитов.

Он родился 16 июня 1979 года в небольшом селе Владимировка Бишкульского района. В 1997 году был призван на срочную военную службу и направлен в Зайсанский Краснознаменный пограничный отряд. С первых дней был радиотелефонистом.

Связь – нерв боя, голос командира, спасенные секунды. Там, где тишина эфира может стоить жизни, он учился ответственности. Позже стал заместителем командира взвода, должность, где командуют не криком, а личным примером.

Осенью 1998 года его путь лег на юг – в Республику Таджикистан, в самый сложный период таджикско-афганского конфликта. Горные тропы, напряженные ночи, граница, за которой – хаос. Он служил в расчете РП-7В, где каждый выход – это готовность стать последним рубежом. Там, под чужим небом, особенно остро понимаешь цену Родины и плеча товарища. Эти месяцы не проходят бесследно – они навсегда остаются в человеке.

В мае 1999 года он был уволен в запас. Но для таких людей запас – лишь формальность. Когда в конце 2000 года руководством КНБ было принято решение об открытии новой воинской части на северных рубежах нашей

страны, но лишь после того как были улажены все формальности на бумаге – во второй половине 2001 года начался набор личного состава во вновь образованный Петропавловский пограничный отряд, и Ержан Жаксылыкович не раздумывал. Он одним из первых подал документы, потому что знал: границу не выбирают по удобству – ее принимают как долг.

Службу он начал стрелком в одной из трех открытых первыми пограничных застав – на Мамлютке, которая в последствии стала пограничной комендатурой, а с 2002 года служил на заставе «Шыганак», где в должности старшины прошли лучшие и самые трудные годы.

Старшина – это сердце заставы. Это тот, кто знает каждый гвоздь, каждую тропу, каждого солдата. И здесь он вновь стал тем, кем был всегда: хозяином в лучшем смысле слова, человеком, на котором держатся порядок, быт и уверенность завтрашнего дня. Он снова и снова занимался обустройством, улучшением, укреплением без пафоса, но с душой.

История Ержана Жаксылыковича – не про отдельный эпизод и не про одну кампанию. Это история человека, который сначала защищал границу с оружием в руках, потом поднимал ее из кирпича и досок, а затем год за годом удерживал порядок, передавая опыт и ответственность дальше. Такие судьбы редко попадают в учебники.

И потому 15 февраля – это не только день памяти. Это день тихого уважения к тем, кто прошел свое испытание и остался верен службе. Без громких слов. Навсегда.

Майор Д. МУКАЖАНОВА, «OS-ЧР». Фото из личного архива Е. САГИТОВА.



## ЕЛ ҚОРҒАНЫНДАҒЫ ЕР

**Елжандылықты өмірлік ұстанымына айналдырған азаматтардың бірі – ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментінің әскери қызметшісі ефрейтор Максат Демеуов. Ол 1990 жылғы 18 қыркүйекте Қызылорда облысы, Жалағаш кентінде дүниеге келген. Балалық шағының бір кезеңі Ресей Федерациясының Смоленск облысында өтеді.**



жауапкершіліктің және Отанға деген адал қызметтің айқын дәлелі. Әріптестері арасында ол байсалдылығымен, сенімділігімен және тәртіпке беріктігімен құрметке ие.

Сонымен қатар, ол жас шекарашыларға үлгі бола білген азамат. Өз тәжірибесімен бөлісіп, жастарды елжандылыққа, тәртіпке және жауапкершілікке тәрбиелеуге үлес қосып келеді. Ол үшін Отанға қызмет ету – жай ғана міндет емес, үлкен абырой.

Максат Демеуов өмір жолы – патриоттық тәрбиенің нақты жемісі. Осындай азаматтар барда, Қазақстан шекарасы берік, ел тыныштығы мәңгі болмақ.

**Аға лейтенант  
Ә. ТӨЛЕБАЙ, «OS-CP».  
Суретті түсірген автор.**

Кейін тарихи Отаны – Қазақстанға оралып, атасының тәрбиесін көреді. Дәл осы орта оның бойында ұлттық болмыс, тәртіпке бағыну, үлкенге құрмет, елге деген сүйіспеншілік секілді қасиеттердің қалыптасуына ықпал етті.

Отбасында үш бала тәрбиеленген. Максат Асылбекович – үлкені. Үлкенге артылатын жауапкершілік оны ерте есейтті. Інісі мен қарындасына үлгі болу, ата-ана сенімін ақтау оның өмірлік қағидасына айналды. Орта білімді Жалағаш ауданындағы №31 мектептен алып, кейін «Болашақ» университетінің колледжінде «Мұнай және газ кен орындарын пайдалану» мамандығы бойынша білім алды.

Алайда оның өмір жолы өндіріс саласымен емес, ел қауіпсіздігімен тығыз байланысты болды. 2011 жылы әскер қатарына шақырылған сәттен бастап ол шекара әскерінде қызмет етуді өз еркімен таңдады. Бұл шешімге әулет тарихы да әсер етті. Оның арғы атасы Ұлы Отан соғысы жылдарында шекара әскерінде қызмет атқарып, ел қорғаудың

ауыр жолынан өткен. Осы ерлікке толы тағдыр Максат Асылбекович үшін рухани бағдар болды.

2011 жылғы 22 қарашада ол Шығыс өңірлік басқармасының «Күршім» шекара отрядына қызметке жіберіліп, Отан алдындағы жауапты борышын өтеуге кірісті. Бұл жылдар оның кәсіби қалыптасу кезеңі болды.

2014 жылдан бастап Максат Асылбекович ҰҚК Шекара қызметі 2019 әскери бөлімінің «Далақұдық» шекара бөлімшесінде қызмет атқарып келеді. Бұл – жауапкершілігі жоғары, стратегиялық маңызы зор қызмет. Ол жедел кезекшілік және ситуациялық ақпараттандыру бағыты бойынша еңбек етіп, әрбір ақпараттың дер кезінде әрі дұрыс бағалануын қамтамасыз етеді. Бұл салада салқынқандылық, жоғары зейін мен кәсіби дайындық аса маңызды. Осы қасиеттер оның қызметінде айқын көрініс тапты. Көп жылғы адал еңбегі мен кәсібилігінің нәтижесінде 2025 жылы Максат Демеуов «Үздік жедел кезекші» атағына ие болды. Бұл марапат – табанды еңбектің, жоғары

## ЕШҚАШАН ӨКІНГЕН ЕМЕС...

**Саналы ғұмырын мемлекеттік шекараны күзету ісіне арнап, жылдар бойы ел шебінде адал еңбек етіп келе жатқан шекарашылардың бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Павлодар облысы бойынша департаментіне қарасты «Арлан» шекара бөлімшесінің топ бастығы сержант Александр Павышев.**



Ол 1988 жылы Павлодар облысындағы Александровка ауылында дүниеге келген. 2005 жылы мектепті аяқтаған соң, Шарбақты лицейіне оқуға түсіп, «көп бейінді құрылыс шебері» мамандығын меңгерді. Ал 2007 жылы Отан алдындағы азаматтық борышын өтеу үшін әскер қатарына шақырылып, Алматы облысы, Қапшағай қаласында орналасқан әуе-десант әскерлерінде мерзімді қызметін өткереді.

2008 жылы әскерден оралған соң туған ауылында құрылыс саласында біраз еңбек етеді. Уақыт өте келе жүрек қалауымен шекарашы болуға бел байлап, келісімшарт негізінде әскери қызметке қабылданауға құжаттарын тапсырады. Үміткерлерге қойылатын қатаң талаптардан сүрінбей өткен Александр Викторович 2010 жылдың 5 қазанында Шекара қызметінің 2033 әскери бөліміне қызметке қабылданады.

Алғашқы еңбек жолын туған өңіріндегі «Арлан» шекара бөлімшесінде бастап, жеті жыл бойы екінші бөлімшенің командирі лауазымында қызмет атқарады. Алдымен «кіші сержант», кейін «сержант»

әскери атағын алып, жеке құрамды басқару ісінде өзін жауапты әрі талапшыл командир ретінде көрсете білді. Осы жылдар ішінде мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өтпек болған шекара бұзушыларды ұстау бойынша бірнеше рет нәтижелі операцияларға қатысып, бөлімшенің қызметтік көрсеткіштерінің жоғары болуына өз үлесін қосты.

2018 жылы Департамент құрамындағы арнайы мақсаттағы мобильді іс-қимылдар бөлімшесіне іріктеу жарияланған кезде, Александр Викторович жоғары физикалық даярлығы мен кәсіби тәжірибесінің арқасында аталған бөлімшенің қатарына қабылданып қызметін жалғастырады.

Ал осыдан үш жыл бұрын ол өзі қызмет атқарған «Арлан» шекара бөлімшесіне қайта оралып, бүгінде бірінші мобильді топтың бастығы ретінде қызмет етуде. Осы жауапты қызметтегі табандылығы мен кәсіби шеберлігі 2025 жылғы қызметтік жауынгерлік іс-әрекеттердің қорытындысында жоғары бағаланды. Мемлекеттік шекараны күзету барысында мобильдік топтың жұмысын тиімді ұйымдастырып, жеке құрамның үйлесімді іс-қимылын қамтамасыз еткені үшін ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Павлодар облысы бойынша департаменті бойынша «Үздік мобильдік топ бастығы» атағына ие болды.

Әскери қызметтегі табыстың артында әрдайым мықты отбасы тұратыны белгілі. Александр Викторовичтің сенімді тірегі – оның жары Виктория. Жарының түсінігі мен қолдауы шекарашының жауапты қызметін алаңсыз атқаруына үлкен демеу болып келеді.

– Шекарашы болуды таңдағаным ешқашан өкінем емес. Бұл мамандық маған тұрақтылық пен болашаққа деген сенім берді. Ең бастысы, мемлекеттік шекарадағы тыныштық пен қауіпсіздік – бүкіл елдің тұрақтылығының негізі. Осыны түсініп қызмет ету – әр шекарашының басты парызы деп санаймын, – деп өз сөзін аяқтады сержант А.Павышев.

**Майор Г. САДЫКОВА, «OS-CP».  
Сурет шекара бөлімшесінен.**

## ТАТАМИДЕГІ МІНЕЗ

**Шекара қызметінде қырағылық пен төзім қатар қажет. Ал спортта – мінез бен тәртіп шешуші рөл атқарады. Осы екі қасиетті де бойына тоғыстырған жас әскери қызметші – ҰҚК ШҚ Қостанай облысы департаментінің кинологы кіші сержант Қуат Есеналин.**

Қуат Есеналин 1998 жылы Қостанай облысы Мәңдіқара ауданы Көктерек ауылында дүниеге келген. Алғашқы білімін Көктерек негізгі мектебінде алып, 9-сыныпты тәмамдаған соң Қостанай қаласында оқуын жалғастырды. Дәл осы кезеңде ол спортқа біржола бет бұрып, аралас жекпе-жек үйірмесіне қатыса бастайды.

Жас спортшы облыстық және республикалық турнирлерде жүлделі орындарды иеленіп, тәжірибе жинақтайды. Сондай-ақ Ресей Федерациясының Челябинск қаласында өткен халықаралық жарыста қола жүлдеге қол жеткізеді. Бұл жетістіктер оның спорттағы жолын айқындап бергендей болды.

Кейін Қуат Мұратұлы әскер қатарына шақырылып, бір жыл бойы Ақтау қаласында Отан алдындағы борышын абыроймен өтеді. Қазіргі таңда ол Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Обаған ауылындағы «Убаған» (автомобильдік) шекара бөлімшесінде кинолог қызметін атқарып келеді.

Қызметпен қатар спортты да қатар алып жүрген ол жуырда өткен қоян-қолтық ұрыстан Қазақстан чемпионатына іріктеу жарысында екінші орынды иеленді. Бүгінде қоян-қолтық ұрыстан спорт шеберіне үміткер. Сонымен қатар, кинологтар арасындағы облыстық және республикалық жарыстарда үздік нәтиже көрсетіп, бірінші орынды жеңіп алды.

«Спорт маған тек физикалық күш емес, тәртіп пен жауапкершілікті үйретті. Бұл қасиеттер шекара қызметінде аса маңызды», – дейді кіші сержант Қ.Есеналин.

Қуатты спортқа жетелеген ең басты тұлға – әкесі. Ол баласының жастайынан спортқа бейімделуіне ықпал етіп, өзі де салауатты өмір салтын ұстанып келеді. Анасы – бастауыш сынып мұғалімі, ал әкесі орман шаруашылығы саласында еңбек етеді. «Әкем әрдайым нағыз ер



азамат өз-өзін жеңе білуі керек деп үйретті. Сол сөздер мені алға жетелейді», – дейді ол.

Отбасындағы спорттық дәстүр бүгінде жалғасын табуда. Ортаншы інісі Ұлан – кикбоксингтен Қостанай облысының жастар арасындағы чемпионы, республикалық жарыстардың жүлдегері. Сонымен қатар ол грэпплингпен де айналысады. Ал кенже інісі Жандос футбол спорт түрін таңдаған.

Қазіргі таңда Қуат Мұратұлы болашаққа нық жоспар құрып, қызмет пен спортты қатар алып жүр. Оның өмір жолы – жас буынға табандылық пен отаншылдықтың айқын үлгісі.

**Аға лейтенант  
С. НҰРАСЫЛ, «OS-CP».  
Сурет отбасылық мұрағаттан.**



## ҮЗДІК КИНОЛОГ

**Шекарашылар қатарында адал қызметі мен кәсіби шеберлігі арқылы ерекше көзге түсіп жүрген мамандар аз емес. Солардың бірі – кіші сержант Ерген Болатов, ҰҚК Шекара қызметі Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментіне қарасты Ақсай шекара бөлімшесінің 3-мобильдік тобының аға нұсқаушысы.**



Ерген Ергалиұлы Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы Қаратөбе ауылында 1998 жылы дүниеге келген. Колледжде "механик", мамандығы бойынша білім алып, 2018 жылы Ақтау қаласында Шекара қызметі жағалау күзетінде әскери борышын өтеді. Бөлімшеде моторшы-электрик лауазымынан бастаған Ерген бүгінде қызметтік иттер аға нұсқаушысы.

Кинолог мамандығы – қажырлы еңбек пен шексіз шыдамдылықты, темірдей тәртіп пен жоғары жауапкершілікті талап ететін ерекше сала. Бұл бағыттағы шекарашылар күн сайын ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында қырағы қызмет атқарады. Олардың сенімді серігі – иіс сезу қабілеті аса дамыған қызметтік иттер. Төрт аяқты серіктерімен тіл табысып, бірлесіп жұмыс істеу кинологтан үлкен шеберлік пен кәсіби даярлықты талап етеді.

Кіші сержант Ерген Болатов өз міндетін абыроймен атқарып қана қоймай, қызметтік иттердің әрдайым сергек болуын, мемлекеттік шекараны заңсыз бұзушыларды дер кезінде анықтауға көмектесуін қамтамасыз етіп келеді. Ол Қазақстан Республикасы Шекара қызметінің Кинология ор-

талығында білімін жетілдіріп, кәсіби біліктілігін жоғары деңгейде арттырған маман.

Ерген Ергалиұлының кәсіби шеберлігі жыл сайын өткізілетін республикалық жарыстарда айқын көрініс табуда. ҚР Шекара қызметінің біріншілігі аясында ұйымдастырылған қызметтік иттер арасындағы жарыста ол «Тимбо» лақап атты қызметтік итімен бірге «Үздік іздеу тобы» номинациясы бойынша жүлделі орынды иеленіп, өз біліктілігін дәлелдеді.

Сонымен қатар Ерген Болатов ҚР ҰҚК Шекара қызметі Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің 2024 және 2025 жылдардағы қызметтік-жауынгерлік іс-қимылдарының қорытындысы бойынша «Үздік кинолог маманы» атаңды. Бұл – әскери қызметшінің өз ісіне деген жоғары жауапкершілігі, табандылығы мен қайсар мінезінің айқын көрінісі.

Кіші сержант Е.Болатов сынды білікті мамандар – шекара қызметінің мақтанышы. Оның адал еңбегі, кәсіби шеберлігі мен Отан алдындағы жауапкершілігі мыңға үлгі, шекара қауіпсіздігін нығайтуға үлесі тындырымды.

**Лейтенант А. КИРГИЗБАЕВ, «OS-ЧР».**  
**Сурет отбасылық мұрағаттан.**

## ӘКІМШІЛІК ІС ЖҮРГІЗУ ҮЗДІГІ

**Шекара шебінде орын алған әрбір құқықбұзушылықтың алдын алу, оны заң аясында рәсімдеу және әділ шешім қабылдау – әкімшілік іс жүргізу мамандарының иығына жүктелген жауапты міндет. Осы бағытта өз ісінің шынайы шебері ретінде танылған мамандардың бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Павлодар облысы бойынша департаментіне қарасты «Үрлітөбе» (автомобильдік) шекаралық бақылау бөлімшесінің әкімшілік іс жүргізу жөніндегі бақылаушысы ефрейтор Бернар Темербулатұлы.**

Ол 1995 жылы Павлодар облысы, Ақтоғай ауданында дүниеге келген. Мектебін бітіріп, әскери борышын өткерген соң Павлодар қаласындағы 6679 әскери бөлімінде келісімшарт бойынша қызмет атқарады. Кейін қызметін құқықтық біліммен нығайтуды мақсат етіп, Қарағанды қаласындағы Қазтұтынуодағы университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша тәмамдап, заң саласының кәсіби негіздерін терең меңгереді. Алған білімі мен әскери тәжірибесі оны шекара қызметіндегі аса маңызды бағыттардың бірі – әкімшілік іс жүргізу саласына алып келеді. 2024 жылдың ақпан айынан бастап ол Павлодар облысы бойынша департаментінің «Үрлітөбе» шекаралық бақылау бөлімшесінде әкімшілік іс жүргізу жөніндегі бақылаушы ретінде қызмет атқарып келеді.

Қызмет барысында сержант Бернар Темербулатұлы шекаралық бақылау кезінде анықталған әкімшілік құқықбұзушылықтар бойынша хаттамалар толтырып, әкімшілік іс жүргізуді толық көлемде жүзеге асырады. Құқықбұзушылар туралы мәліметтерді Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің дерекқорына уақытылы енгізіп, әкімшілік істерді қарау процестеріне тікелей қатысады. Ол әрбір істің заңды, дәлелді ері рәсімдік талаптарға сай болуын басты қағида ретінде ұстанады.

Кәсіби маманның тікелей қатысуымен әкімшілік іс жүргізу барысында қару-жарақтың заңсыз өткізілуіне қатысты 2 дерек, оқ-дәрі табу бойынша 3 дерек, діни мазмұндағы әдебиеттерді заңсыз алып өтуге байланысты 4 дерек, суық қаруларға қатысты 8 дерек және шетел валютасын заңсыз

алып өтуге қатысты 5 дерек анықталып, заң аясында тиісті шешімдер қабылданды.

Оның еңбегі лайықты бағаланып, Павлодар облысы бойынша департаментінің 2025 жылғы қызметтік-жауынгерлік іс-әрекетінің қорытындысы бойынша үздік әкімшілік іс жүргізу маманы атағына ие болды.

Заң мен тәртіпті қызметінің басты өлшеміне айналдырған, шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуде кәсіби жауапкершілігімен көзге түскен мұндай мамандар – мемлекеттік шекараның сенімді тірегі. Осындай білікті шекарашылар барда, ел шебі – берік, болашағы – баянды болмақ.

**Майор**  
**Г. САДЫКОВА, «OS-ЧР».**  
**Сурет бөлімшеден.**



### ЗАКОН И ПОРЯДОК

## ПРАВОВАЯ ЗАЩИТА ВОЕННОСЛУЖАЩИХ И ГРАЖДАН

**С начала 2025 года военной прокуратурой Акмолинского гарнизона принимается активное участие в реализации концепции «Закон и порядок».**

С принятием новшеств жилищного законодательства в целях недопущения социальной напряженности проведено гарнизонное совещание с разъяснением внесенных изменений и дополнений.

С привлечением работников Агентства по регулированию и развитию финансового рынка и проекта «Қарызсыз қоғам» в центральных аппаратах Национальной гвардии и Пограничной службы КНБ организовано занятие по повышению финансовой грамотности военнослужащих.

На встрече с представителями Палаты «Атамекен» и хозяйствующих субъектов обсуждены вопросы защиты бизнеса и невмешательства в их деятельность со стороны должностных лиц.

При участии более 3 тыс. военнослужащих проведены выездные уголовные и административные судебные процессы.

На постоянной основе осуществляются профилактические выезды в поднадзорные воинские части и учреждения, что положительно сказалось на криминогенной ситуации, а также предупреждению фактов гибели и травматизма военнослужащих гарнизона.



В сфере защиты общественных интересов прокуратурой гарнизона защищены права около 3 тыс. граждан, из них более 800 конституционных. В государственный бюджет возмещено свыше 70 млн. тенге и возвращено

имущество оборонного ведомства на 27 млн. тенге.

В рамках надзора за исполнительным производством в доход государства обеспечено поступление 500 млн. тенге.

Усилена практика привлечения к ответственности командования воинских частей и учреждений, а также руководителей иных государственных органов и организаций. На особом контроле находятся вопросы организации призыва граждан на воинскую службу.

К дисциплинарной ответственности привлечено 10 руководителей местных исполнительных и органов военного управления, на 4-х из них также наложены административные штрафы.

В судебном порядке удовлетворены иски требования по фактам необоснованного призыва 3-х лиц, незаконные приказы и решения отменены.

Для повышения имиджа органов военной прокуратуры и военно-патриотического воспитания молодежи проведен День открытых дверей и организовано посещение военно-исторического музея для студентов военных кафедр и школьников, открыт «Уголок будущего прокурора» в военном колледже имени С. Нурмаганбетова.

Под девизом «Правовая аптека» осуществлен личный прием граждан в воинских частях и городском сборном пункте, на торговых площадках и в международном аэропорту.

Периодически проводятся ознакомительные беседы с будущими юристами со столичных ВУЗов.

**Военная прокуратура**  
**Акмолинского гарнизона.**



## ТҰРҒЫН ҮЙ АЛУ МҮМКІНДІКТЕРІ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының жеке құрамымен қаржылық сауаттылықты арттыру мақсатында арнайы ақпараттық кездесу ұйымдастырылды. Іс-шараға «Отбасы банк» АҚ-ның Жаркент қаласындағы банк бөлімшесінің консультанты Дина Бегимбекова қатысты. Шекарашыларға тұрғын үй жинақ жүйесінің тиімді тетіктері туралы кеңінен мәлімет берді.

Кездесу барысында жаңа ипотекалық бағдарламалардың шарттары, пайыздық мөлшерлемелері және алғашқы жарна көлемі жөнінде нақты түсіндірме жүргізді. Сонымен қатар арнайы жинақтау есепшоттарының артықшылықтары, ұзақ мерзімді қаржылық жоспарлау мүмкіндіктері мен тұрғын үйге қол жеткізудің кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын жолдары талқыланды.

Банк өкілі мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау шараларына да ерекше тоқталды. Оның ішінде тұрғын үй сертификаттары, жеңілдетілген несиелеу бағдарламалары, әлеуметтік осал топтарға арналған жеңілдіктер туралы толық ақпарат берілді. Мүмкіндіктерді қалай тиімді пайдалану керектігі түсіндірілді.

Жеке құрам тарапынан қойылған сұрақтар да назардан тыс қалмады. Әскери қызметшілер өздерін қызықтырған ипотека рәсімдеу тәртібі, құжат жинау процесі мен төлем кестесі жөнінде нақты жауаптар алды. Жеке қаржыны дұрыс басқару бойынша пайдалы кеңестерге қанықты.

Осындай ақпараттық кездесулер әскери қызметшілердің әлеуметтік жағдайын жақсартуға және қаржылық мәдениетін арттыруға зор ықпал ететіні атап өтілді. Алдағы уақытта да шекара сақшыларымен түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жалғасын табатын болады.

Подполковник  
М. ҚАРЕКЕНОВ, «ОС-ЧР».  
Сурет шекара басқармасынан.



СПОРТ

## ШЕКАРАШЫЛАРДЫҢ ЖЕҢІСТІ ЖОЛЫ

Өскемен қаласында қоян-қолтық ұрыстан өткен Шығыс Қазақстан облыстық чемпионатында Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің ШҚО бойынша департаментіне қарасты бөлімшелердің әскери қызметшілері жоғары нәтиже көрсетіп, жүлделі орындарға ие болды.



Аталған жарыс күштік құрылымдардың құрылымдық бөлімшелері арасында ұйымдастырылып, әскери қызметшілердің жауынгерлік даярлығы мен физикалық төзімділігін айқындауға бағытталды. Чемпионат барысында шекарашылар тәртіп, табандылық және кәсіби шеберліктің жоғары деңгейін көрсетті.

Ұтқыр іс-қимылдар бөлімшесінің әскери қызметшісі қатардағы жауынгер Ернар Муратханов 97+ салмақ дәрежесінде қарсыластарынан басым түсіп, облыстық жарыстың жеңімпазы атанды. Ол жарыс барысында өзге де құрылымдық бөлімшелердің үздік спортшыларымен күш сынасты.

«Шемонаиха» (теміржол) бөлімшесінде қызмет атқаратын қатардағы жауынгер Иса Бейсенбаев 90 килограмм салмақ дәрежесінде сынға түсіп, үшінші орынды иеленді.

Сондай-ақ, Ұтқыр іс-қимылдар бөлімшесінің әскери қызметшісі қатардағы жауынгер Нұртілеу Әбдеқанов 57 килограмм салмақ дәрежесінде өнер көрсетіп, қола жүлдеге қол жеткізді.

Күршім Шекара басқармасының ұтқыр іс-қимылдар бөлімшесінің әскери қызметшісі қатардағы жауынгер Данияр Жәнібек те облыстық чемпионатта табысты өнер көрсетіп, жүлделі үшінші орынға ие болды.

Ал ұтқыр іс-қимылдар бөлімшесінің әскери қызметшісі қатардағы жауынгер Досымжан Слямбеков 73 килограмм салмақ дәрежесінде екінші орынды еншіледі.

Жарыс қорытындысы шекарашылардың жоғары жауынгерлік және спорттық даярлығын айқындап, олардың қызметтік міндеттерді орындаудағы кәсіби деңгейін тағы бір мәрте дәлелдеді. Мұндай жетістіктер әскери қызметтің беделін арттырып, жас буынға үлгі болары сөзсіз. Адал қызмет – абыройлы жол

Подполковник Ф. БАКЕТОВ,  
«ОС-ЧР». Сурет департаменттен.



## ТИГІЗГЕН КӨМЕКТЕРІ МЕН АЛҒАН ӘСЕРЛЕРІ ЗОР



Жылдағы қалыптасқан дәстүрге сай, биыл да Қазақтың Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университетінің педагогика және психология факультетінің 4-курс студенттері өздерінің тағлымдамалық айларын ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасында өткізуді бастап кетті.

Айта кетерлігі, осыған дейін студенттер қаңтар-сәуір айлары аралығында аталған шекара басқармасының Ақжардағы техникалық және кәсіби даярлық бөлімінде тәжірибе жинап келген болатын. Олар әскер қатарына жаңадан шақырылған сарбаздарға түрлі психологиялық тренингтер жүргізіп, ойындар ұйымдастырды. Ал биыл болашақ психолог мамандарға ел шебінде тұрған шекара бөлімшелеріне барып, сарбаздармен жұмыс істеу мүмкіндігі берілді. Сондықтан Хәкім Абай атындағы университеттің аға оқытушысы, психология ғылымдарының кандидаты Эльмира Әбішева және магистр, аға оқытушы Сәулет Түкебаевалар жетекшілік жасаған тағлымдама айлығында студенттер сарбаздардың шекарадағы күнделікті тыныс-тіршілігімен танысты. Алған әсерлері орасан.

Бұл туралы студенттердің бірі Әсел Әбдіқамалова былай дейді:

– Бізге дейін болған жоғары курс студенттері сіздердің департаменттің оқу базасында болғанын білемін. Есесіне, бұл жолы біз шекара бөлімшелерін аралап, сарбаздармен кездестік. Күнделікті өмірлерін көріп, өздерімен етене отырып, әңгімелестік. Жылы шырай танытып, түрлі тренингтерімізге белсене қатысты. Зерделеу кезінде де байқағаным, біздің шекарашыларымыз өздерінің қызметтерін мақтаныш санап, ұжымының алды болуға тырысады екен.

Айтпақшы, бізбен сұхбаттасқан Әсел туралы Алматы облысы бойынша департаментінің әскери психологы подполковник Альфида Мұқатаева жақсы пікірде. «Жеке құрамға арналған тренингтерді шебер жүргізуге жаттыққан. Болашақта Әселден мықты психолог шығады», деп, жоғары баға берді.

Әрине, өзге студенттер, атап айтар болсақ: Мия Қадырова, Нұрай Талғат, Айнұр Махмуд, Есмұхаммед Маратовтар да осал емес. Түрлі психологиялық ойындар өткізу, сарбаздармен әңгімелесу, тест қабылдау секілді оңай деуге келмейтін шаралар кезінде өз-өздеріне сенімді, мығым екендерін анық байқатқан.


Жоғарыда жазғанымыздай, студенттердің тәжірибе айлығы сәуірге дейін жалғасады. Осы аралықта болашақ мамандар Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасының алыстағы бөлімшелерінде ғана емес, енді бір айдан соң департаменттің оқу базасына келе бастайтын әскерге шақырылғандарды зерделеуге арналған маңызды шараларға да тартылатын болады. Бұл – қазақ атам «Қызым саған айтамын, келінім сен тыңда» демекші, университет қабырғасында алған білімдерін тәжірибемен ұштастыруға талпынғандар үшін таптырмайтын көмек.

Альфида Ғалымқызының айтуынша, студенттер департаменттің Сержанттарды даярлау мектебінде кәсіби біліктілік көтеру курсынан өтіп жатқан әскери қызметшілермен де түрлі тренингтер өткізіп үлгерген. Бұл – өз кезегінде, ұжым ішіндегі қарым-қатынасты жақсартауға, жанұялық жанжалдарды болдырмауға мүмкіндік береді.

Иә, қалай десек те, Тәуелсіз Қазақстанның шекарасын қорғау сеніп тапсырылған шекарашы үшін әскери психологтар мен болашақ мамандар бірлесіп ұйымдастырған тренингтердің тигізер пайдасы зор екені шүбәсіз. Әсіресе, өзіне деген сенімділікті арттыру, стресске төзімділікті қалыптастыру секілді толық жатқан қасиеттер – ел шебінде жүрген сарбаздарға қажет-ақ.

ҚР Журналистер одағының мүшесі, әскери журналист  
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».  
Суретті түсірген автор.

### САРБАЗ ХАТЫ





## 2026 – ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ

ФОТОЭТЮД



### САРБАЗДАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН КҮЗЕТЕДІ

Қазақстан Қарулы Күштерінде мерзімді әскери қызметшілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жаңа цифрлық жүйелер енгізілуде. Енді казармалар мен әскери бөлімдерді қарапайым бейнекамералар ғана емес, жасанды интеллект элементтері бар «ақылды» құрылғылар бақылайтын болады. Қорғаныс министрінің орынбасары Асқар Мұстабековтің айтуынша, қазіргі таңда әскери бөлімдерде 15 мыңнан астам бейнебақылау камерасы орнатылған. Алайда, казармаларда бейнебақылау камералары түсіре алмайтын «өлі аймақтарды» (мертвые зоны) толықтай жою үшін қосымша құрылғылар қажет.

Пилоттық жоба аясында орнатылып жатқан ЖИ камераларының ерекшелігі – ол жай ғана бейнежазба жүргізіп қоймайды, оқиғаны талдай алады. Егер камера кадрда адамдардың жаппай жиналуын немесе төбелес белгілерін (қол сермеу, жүгіру) байқаса, жүйе автоматты түрде дабыл қағады. Сигнал бірден кезекші бөлімге және командирлерге түседі. Бұл тәртіп бұзушылықты болғаннан кейін емес, болып жатқан сәтте анықтауға мүмкіндік береді. Сарбаздарды жүзінен тану Face ID функциясы да қарастырылмақ. Бұл жүйе – ата-аналардың алаңдаушылығын азайтып, әскердегі тәртіпті күшейтуге жасалған маңызды қадам.

### «QAZAQ DIGITAL MEKTEBI»

Қазақстан мектептері цифрлық дәуірге нақты қадам жасап отыр. Оқу-ағарту министрлігі іске асырып жатқан «Qazaq Digital Mektebi» жобасы жасанды интеллекті оқу

процесіне жүйелі түрде енгізуді көздейді. Жоба аясында отандық IT-платформалар, соның ішінде оқушының деңгейіне бейімделген жеке оқу процесін ұсынатын Qalap сияқты шешімдер қарастырылуда. Негізгі мақсат – жаттап алуға негізделген ескі модельден бас тартып, оқушыны білім алу процесінің белсенді қатысушысына айналдыру. Министрлік пилоттық жобалардың нәтижесі бойынша заңнамалық және практикалық ұсыныстар әзірлемек. Бұл бастама алдағы 5–10 жылда қазақстандық мектептің қандай болатынын айқындайтын маңызды кезең ретінде бағаланып отыр.

### МҰҒАЛІМДЕР ЖҮКТЕМЕСІ АЗАЯДЫ

Қазақстан цифрлық білім беру саласында әлемдік көшбасшылардың қатарына қосылды. OpenAI компаниясымен жасалған меморандум аясында 165 мың қазақстандық педагогқа «ChatGPT Edu» платформасының лицензиялары тегін ұсынылады. Бұл туралы Ғылым және жоғары білім вице-министрі Гүлзат Көбенова мәлімдеп, аталған құралдың оқытушылардың жүктемесін азайтып, білім сапасын арттыруға бағытталғанын атап өтті. Бүгінде еліміздің 30 жоғары оқу орнында жасанды интеллект, инжиниринг және цифрлық технологиялар бойынша 42 білім беру бағдарламасы енгізіліп, мыңдаған студент даярлануда, ал профессор-оқытушылар құрамының жартысынан астамы ЖИ бойынша арнайы оқудан өткен.

Әзірлеген лейтенант А. КИРГИЗБАЕВ,  
«OS-ЧР». Суреттер ЖИ арқылы жасалды.

### СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?



AI Picasso - эскиздерді бастапқы қалыпқа айналдырады

Kittl - фирмалық дизайн мен шрифт әзірлейді

Runway ML - видео генерациялайды және өңдейді

Paint.ai - реалистік суреттер жасайды

Synthesia.io - аватармен видео жасайды

HeyGen - адамның бет-бейнесімен және даусымен видео жасайды

OTAN SAQSHYSY

Часовой Родины

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті

Меншік иесі:

Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі

Редакцияның мекенжайы:

Астана қаласы, Лепсі көшесі, 63.

Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38

Жауапты хатшы: 8 (7172) 72 81 57

Бөлімдер: 8 (7172) 72 81 56

E-mail: smi\_pogran@mail.ru

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты:

gov.kz/memleket/entities/shekaraknb

Бас редактор: Рахат Нұрғалиев

Редактор: Азамат Муханов

Жауапты хатшы: Еркін Қайбуллин

Компьютерлік безендіру және беттеуші:

Нұрхан Кабдулов

Корректорлар: Өркен Шопашев, Майра Касенова

Нөмірдің кезекші редакторлары:

Олжас Жақсылыков, Айдос Киргизбаев

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы уақыт пен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді. Газетті есепке қою туралы № 1394-г күәлікті 2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық министрлігі келісім берген. "OS-ЧР" газеті ҚР ҰҚК ШҚ Әскери-патриоттық қызмет басқармасында теріліп, беттелді.